

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы өтініші туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысы 1998 жылғы 31 шілдедегі N 5_2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 9 Қаулысымен

Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төраға Ю.А.Ким және Кеңес мүшелері Н.И.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, О.Қ.Ықсанов, В.В.Мамонов, С.Ғ.Темірболатов, В.Д.Шопин қатысқан құрамда, сарапшы Қазақтың мемлекеттік заң университетінің әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының кандидаты, доцент А.А.Таранов және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің өкілі, заң шығару және сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлім секторының меңгерушісі К.К.Әлжанов, шақырушылар - Республиканың энергетика, индустрия және сауда министрінің орынбасары А.М.Шоқытов, осы министрліктің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Комитетінің төрағасы М.Х.Тұрысбеков, Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы Төралқасының төрағасы Х.К.Рақышев және Республиканың Әділет министрлігінің Заң шығару және халықаралық құқық департаменті директорының міндетін атқарушы А.Жетесовтарды қатыстыра отырып, өзінің ашық мәжілісінде Республика Президентінің "Сауда-өнеркәсіп талаптары туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы өтінішін қарады.

Баяндамашылар - Кеңес мүшелері С.Ғ.Темірболатов, В.Д.Шопин, сарапшы А.А.Тарановты, конституциялық өндіріске қатысушы К.К.Әлжанов, шақырылған адамдарды тындап және өтініш бойынша қолда бар материалдарды зерттеу келе, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, ұйғарды:

1998 жылғы 14 шілдеде Республиканың Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтан қол қоюға берілген "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарауды сұраған өтініш келіп түскен еді.

Аталған Заңның нормаларын зерттеп және осы өтініш бойынша

материалдарды зерделей келе Конституциялық Кеңес төмендегілерді атап көрсетті.

Республика Парламенті қабылдаған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның 1-бабында сауда-өнеркәсіп палатасы кәсіпкерлік қызметті дамыту, заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызу мақсатымен заңды және жеке тұлғалардың ерікті мүшелігі негізінде біріккен коммерциялық емес ұйым деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы қолданылып отырған Жарғыға сәйкес коммерциялық емес, тәуелсіз қоғамдық бірлестік ретінде тіркелген. Республика Парламенті қабылдаған бұл Заң сауда-өнеркәсіп палаталарының мәртебесін заңды тұлғалардың ерікті негізде біріккен ұйымы ретінде белгілеп берді, мұның өзі аталған палатаны қоғамдық бірлестіктерге жатқызуға жол бермейді, Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңына сәйкес олар азаматтардың бірлестігі деп танылған. Айтылғандардан шығатын қорытынды, сауда-өнеркәсіп палатасы мемлекеттік емес ұйым болып табылады. Оған қоса, ол қоғамдық бірлестіктер туралы заңда белгіленген талаптарға толық мәнінде жауап б е р е а л м а й д ы .

Парламент қабылдаған Заңның 9-бабының алтыншы бөлігі сауда-өнеркәсіп палаталарына тауардың шыққан жерінің сертификаттарын, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты басқа да құжаттарды растау к ұ қ ы ғ ы н б е р г е н .

Тауардың шыққан жерінің сертификаты-оның шыққан жеріндегі елді растайтын және тауар әкелінетін елдің кеден органына көрсететін сыртқа шығарушы б е р г е н құ ж а т .

Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар " Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Жарлығының 9-бабының 14) тармақшасына сәйкес сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру және сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолдану Үкімет құзырына жатады. Тауардың шыққан жерінің сертификаттарын растау Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың аталған қызметі функциясының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 3-тармағында Үкімет пен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктер шегінде ғана б и л і к жү р г і з е д і делінген.

Демек мемлекеттік емес ұйымдар ретіндегі сауда-өнеркәсіп палаталарына " Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның 9-бабының алтыншы бөлігінде көзделген сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға қатысты тауардың шыққан жерінің сертификаттарын, сондай-ақ басқа да құжаттарды растау құқығын беру Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 3-

тармағы талаптарына қайшы келеді.

Аталғандардың негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 1-тармағының 1) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 17-бабының 2-тармағының 1) тармақшасын және 37-бабын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Кеңес

қ а у л ы е т т і :

1. Қазақстан Республикасының Парламенті 1998 жылғы 26 маусымда қабылдаған Қазақстан Республикасының "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңының 9-бабының алтыншы бөлігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 3-тармағына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 39-бабының 1-тармақшасына сәйкес Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдарға қол қоюға және оны қолдануға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына

сәйкес қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың барлық аумағына міндетті болып табылады, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларды есепке алғанда түпкілікті және арыздануға жатпайды.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы